

## №2 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 21.11.2024ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы.

Баяндамашы: әдіскер Жүрсін Н.

2. «Жаңа технология – STEM технологиясы арқылы мектепке дейінгі мекемеде баланың тілін дамыту».

Баяндамашы: тәрбиеші Кенжеева Ұ.

3. «Ертегі құрастыру да өнер».

Баяндамашы: тәрбиеші Аманкелді К.

#### Тындалды:

**1-мәселе бойынша:** әдіскер Жүрсін Н. сөз алып, жыл бойы жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысын таныстырды. Зерделеу барысында педагогтердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттілігі, инновациялық технологияларды қолдану деңгейі және балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуы сараланғанын атап өтті. Жүргізілген бақылаулар мен талдаулар нәтижесінде педагогтердің кәсіби шеберлігі артып келе жатқанын, алайда кейбір бағыттар бойынша жұмысты жетілдіру қажеттігін айтты.

**Сөйледі:** Ахмедова М. зерделеу жұмысының қорытындысы педагогтердің өз жұмысына сыни көзқараспен қарап, кәсіби дамуына ықпал ететінін атап өтті.

**Сөйледі:** Мүстиярова С. жүргізілген талдау нәтижелері алдағы жұмысты жоспарлауға бағыт-бағдар беретінін айтып, әдіскерге алғысын білдірді.

**2-мәселе бойынша:** тәрбиеші Кенжеева Ұ. «Жаңа технология – STEM технологиясы арқылы мектепке дейінгі мекемеде баланың тілін дамыту» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы STEM технологиясының балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы маңызын атап өтті. Іс-тәжірибесінде қолданылған әдістер мен ойындарды көрсетіп, балалардың сөздік қорын байытуға және байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға тигізетін әсерін түсіндірді.

**Сөйледі:** Аманкелді К. STEM технологиясын қолдану балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтетінін айтты.

Ахмедова М. ұсынылған тәжірибенің мазмұнды әрі тиімді екенін, өз жұмысында пайдаланатынын жеткізді.

